

Панфилов ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Панфилов ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 30 шілдедегі N 792 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаментінде 2014 жылы 20 тамызда N 2833 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Панфилов ауданының әкімдігінің 2015 жылғы 03 тамыздағы № 699 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Панфилов ауданының әкімдігінің мәслихатының 03.08.2015 № 699 қаулысымен.

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Панфилов ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген Панфилов ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Роза Азаматқызы Мағруповаға жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

"КЕЛІСІЛДІ"

"Панфилов ауданының білім

бөлімі" мемлекеттік мекемесі

басшысының уақытша міндетін

атқарушы

Б. Жақыпов

Досмаилов Қанат Нұркешұлы

Панфилов ауданы әкімдігінің 2014 жылдың "30" ілдедегі "Панфилов ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан

**Панфилов ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға
мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы
қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері кестенің жалғасы**

Аудан атауы	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің саны		Мектепке дейінгі ұйымдарда қаржыландырудың жан басына шаққанда бір айдағы мөлшері (теңге)	
	Балабақша	Мектеп жанынағы толық күн қатысатын шағын орталықтар	Балабақша	Мектеп жанынағы толық күн қатысатын шағын орталықтар
Панфилов ауданы	1190	150	22472	5841

кестенің жалғасы

Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналардың бір айға төлемақы мөлшері (теңге)		Бір тәрбиеленушіге айына жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)	
Балабақша	Мектеп жанынағы толық күн қатысатын шағын орталықтар	Балабақша	Мектеп жанынағы толық күн қатысатын шағын орталықтар
7000- 10000	7000	67811	54788